



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 160 Қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 6 0 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 131 Қаулысымен.

1-бөлім. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы: бәсекеге қабілеттілікті және тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсімді қамтамасыз ететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Пайымдауы: жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті қызмет салаларының (аяларының) даму үрдістері

1. 1-стратегиялық бағыт. Сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

2011 жылы республикада контингенті 538,5 мың баланы (2010 жылы – 446,4 мың) құрайтын 7 591 мектепке дейінгі ұйым (2010 жылы – 6 446 бірлік) жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысымен бекітілген Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы қабылданды. Аталған Бағдарламаның негізгі мақсаты – халықтың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының сапалы қызметіне деген қажеттілігін қанағаттандыру. 2014 жылы мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтудың балалардың жалпы санының 70 %-ына дейін жеткізу жоспарланады.

2008 жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты әзірленді және бекітілді. 2011 жылы аталған стандарт мектепке дейінгі ұйымдардың бітірушілері мен педагогтарының моделі туралы ережемен толықтырылды. Балаларды тәрбиелеу мен оқытудың «Алғашқы қадам» (1 – 3 жас), «Зерек бала» (3 – 5 жас), «Біз мектепке барамыз» (5 – 6 жас) бағдарламалары іске асырылуда. 2011 жылы 26 атау бойынша оқу-әдістемелік әдебиет әзірленді.

Негізгі проблемаларды талдау

Мектепке дейінгі білімге тең қол жеткізу қамтамасыз етілмеген. Мектепке дейінгі орындарға деген қажеттілік 362,2 мың бірлікті құрайды (2010 жылы – 296,7 мың).

Балабақшалардағы, әсіресе қаладағы мектепке дейінгі ұйымдардағы топтардың толымдылық нормативі артуда.

Сыртқы және ішкі негізгі факторларды бағалау

Сыртқы фактор – Қазақстанда соңғы 20 жылда бала тууды талдау: 1990 жылдан бастап 1999 жылға дейін бала туудың азаюын, ал 2000 жылдан бастап 2010 жылға дейін бала туудың өсімін көрсетіп отыр.

Ішкі фактор – жыл сайынғы мектепке дейінгі орындарға деген қажеттіліктің өсуі.

2. Мектептегі білім

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

2011 – 2012 оқу жылында жалпы контингенті 2 479 044 баланы қамтитын 7 465 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді (2010 – 2011 оқу жылында – 2 486 449 оқушы контингенті бар 7 516 мектеп).

Негізгі және бейінді мектептердің білім беру мазмұнын анықтау жөніндегі жұмыстар жалғасуда. 2012 жылы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың

2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын ескере отырып, бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖБС) мен 12 жылдық оқытуға арналған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының «Негізгі ережелерін» әзірлеу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта республиканың 104 мектебінде 12 жылдық оқытуға көшу бойынша эксперимент жалғасуда.

Ағымдағы жылы 2011 – 2012 оқу жылында экспериментке енгізілген 9-сыныптарға арналған 34 оқулық және 82 оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) әзірленді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 17 сәуірдегі тапсырмасына 11-жылдық мектептің бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің МЖБС-ны әзірлеу шеңберінде 2012 жылы ағылшын тілін 1-сыныптан бастап оқытуды енгізу жөнінде МЖБС-ны және 1-4 сыныптарға арналған ағылшын тілі пәні бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу жоспарлануда.

2011 жылдың 10 айында 3 397 оқулық пен ОӘК-ге, 2010 жылы 1 920 оқу әдебиеті аталымына сараптама жүргізілді. 2011 жылы алыс және жақын шетелдердегі қазақ диаспорасының балалары үшін 21 500 оқулық және 19 825 ОӘК қайта басылды және жеткізілді. Республикалық мектептерге 4-сынып үшін қайта басылған 2 466 оқулық пен 789 ОӘК, 6-сынып үшін 8 523 оқулық пен 4 856 ОӘК, 11-сынып үшін 45 025 оқулық пен 23 420 ОӘК жеткізілді.

2011 – 2012 оқу жылында республиканың жалпы орта білім беретін мектептерінде 286 370 педагог еңбек етеді (2010 жылы – 275 655). Олардың 250 290-ының (87,4 %) жоғары білімі, 33 572-сінің (11,7 %) орта кәсіптік білімі бар. Жоғары санатты мұғалімдер саны – 43 623 (15,2 %), бірінші санаттысы – 87 876 (30,7 %).

Мұғалімдерді, басқарушыларды, әдіскерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. 2011 жылдың 10 айында біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан 61 мыңнан астам, 2010 жылы 80 мыңнан астам педагог өтті.

Педагогтардың сапалық құрамын жақсарту үшін 2012 жылдан бастап Назарбаев Зияткерлік мектептері базасында басқару вертикалін енгізе отырып, ББКЖБАРИ – БАИ базасында АҚ нысанында Педагогикалық шеберлік орталығын құру арқылы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру үлгісіне өзгерістер енгізу жоспарлануда.

Педагог кәсібін, озық тәжірибені және үздік педагогтардың жетістіктерін белсенді насихаттау жолға қойылған. Математика мұғалімдерінің I съезі өткізілді (2011 ж. мамыр).

Орта білімнің қолжетімдігін және сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту жөнінде жұмыстар жүргізіледі. 2 944 мектепте алты жастағы балаларға арналған ойын және демалыс бөлмелері бар.

2006 жылдан бастап 2 059 жаңа үлгідегі физика кабинеті сатып алынды: 2006 жылы – 613, 2007 жылы – 746, 2008 жылы – 700. 2009 жылдан бастап 1 718 жаңа үлгідегі биология кабинеті сатып алынды: 2009 жылы – 580, 2010 жылы – 569, 2011 жылы – 569.

Аталған шаралар жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Бұл әлемнің 36 елінің математика мен жаратылыстану бойынша 4-сынып оқушыларының білімін бағалау жөніндегі TIMSS-2007 (Third International Mathematics and Science Study) халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің нәтижелерімен расталады. Қазақстан аталған зерттеуге алғаш рет қатысты, оған 141 мектептен 3,99 мың оқушы қатысты. Қазақстандық оқушылар математикадан 5-орын және жаратылыстанудан 11-орынға ие болды, ол орташа халықаралық балдан а н а ғ ұ р л ы м ж о ғ а р ы .

Соңғы екі жылда қазақстандық командалар физика және химия пәндері бойынша халықаралық олимпиадаларда әлемнің ең үздік 15 елінің ішіне тұрақты енген.

Қазақстан оқушыларының халықаралық олимпиадаларда жеңіп алған медальдарының саны жыл сайын өсуде. Тек 2010 жылы қазақстандық оқушылар 638 награда (173 алтын, 206 күміс, 237 қола), 22 грамота жеңіп алынды. 2011 жылдың қаңтар мен қараша айлары аралығында Қазақстан Республикасының оқушылары халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарда 852 жүлделі орынды жеңіп алды, оның ішінде 225 алтын, 287 күміс, 295 қола медаль және 43 мақтау қағазы.

Соңғы үш жылда Қазақстан құрама командасы әлемдегі ең үздік он елдің қатарына еніп қана қоймай, сонымен қатар, Еуропадағы жақын және алыс елдерден келген командалардан озып, АҚШ және Қытай оқушыларымен бәсекелес бола білді.

Сонымен қатар, қазақстандық оқушылар 2004 жылдан бастап «Қашықтықтан өткізілетін Азия-Тынық мұхит математикалық олимпиадасы» және «Қашықтықтан өтетін Жібек жолы математикалық олимпиадасы» атты қашықтықтан өткізілетін халықаралық олимпиадаларға қатысып келеді. Санкт-Петербург ақпараттық технологиялар, механика және оптика университетімен жасалған шартқа сәйкес Информатикадан бірінші Еуразиялық интернет-олимпиада өтті.

Еліміздің жас интеллектуалдарының халықаралық математика олимпиадаларындағы жеңістері 2010 жылы Қазақстанның ТМД елдерінің арасында бірінші болып мерейтойлық 51-ші Халықаралық математика олимпиадасын өткізуіне ықпал етті. Әлемнің 98 елінің өкілдері қатысқан ең беделді интеллектуалдық сайыста қазақстандық команда 5-орынды иеленді.

Қазақстан Республикасындағы орта білім беру жүйесін жаңғыртуға ықпал ететін негізгі жобалардың бірі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» жобасы болып табылады. Аталған мектептер балабақшаға арналған оқу-тәрбие бағдарламаларын, мектепалды және 12 жылдық оқытудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу, енгізу, сынақтан өткізу бойынша басты алаң болып табылады. Республика аумағында 20 мектеп жұмыс

істейтін болады. Бүгінгі таңда контингенті 4 019 оқушыны құрайтын 6 мектеп жұмыс істейді: Астана, Семей, Көкшетау және Талдықорған қалаларында физика-математикалық бағыттағы 4 зияткерлік мектеп, Өскемен және Астана қалаларында химия-биологиялық бағыттағы 2 зияткерлік мектеп.

Сонымен бірге ЭДЫҰ өткізетін PISA-2009 (Programme for International Student Assessment) халықаралық салыстырмалы зерттеуінің қорытындысы бойынша еліміздің 15 жастағы оқушылары 65 елдің арасында айтарлықтай төмен 57-орынды иеленді (оқу сауаттылығынан 59-орын, математика сауаттылығынан 53-орын, жаратылыстану са у а т т ы л ы ғ ы н а н 58 - о р ы н) .

Аталған зерттеудегі Қазақстанның алғашқы тәжірибесі оқытудың мазмұны, технологиясы мен әдістері туралы дәстүрлі қалыптасқан түсінікті қайта қарау қ а ж е т т і л і г і н к ө р с е т е д і .

Білім беруде ақпараттық технологияларды енгізу жұмыстары жалғасуда. Қазіргі уақытта бір компьютерге 16 оқушыдан келеді. Білім беру ұйымдарының 50 %-ы интерактивтік кабинеттермен және жабдықтармен қамтамасыз етілді. Интернет желісіне мектептердің 98 %-ы, ал кең жолақты интернет желісіне 37,3 %-ы қол ж е т к і з г е н .

Мектептерде «Он-лайн оқыту жүйесі» енгізілуде. Апта сайын республиканың ең үздік мұғалімдері он-лайн сабақтар мен семинарлар өткізеді.

2011 – 2012 оқу жылдарында Астана, Алматы қалалары мен Қарағанды обласының 44 орта және техникалық кәсіптік білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесінің (бұдан әрі - электрондық оқыту) пилоттық жобасы енгізілуде.

2011 жылы ББЖКБАРИ базасында 8 мың жүйе әкімшілері мен пайдаланушылары ү ш і н о қ ы т у ө т к і з і л д і .

5 – 11 сыныптарға арналған Қазақстан тарихы бойынша қазақ және орыс тілдерінде 468 сандық білім беру ресурстары әзірленді, оның ішінде, 234 – қазақ тілінде, 234 – о р ы с т і л і н д е .

Мемлекет басшысының орта білім беру мекемелерінде бақылау сапасын орталықтандыру және күшейту жөнінде кешенді шара қолдану туралы тапсырмасына сәйкес (2011 жылғы 17 сәуірдегі № 01-7.4, 13.2-тармақ) орта білім беру мекемелерінен бастап, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім берудің сапасын барлық деңгейлерін ұйымдарының қызметтерін бақылаудың бірыңғай вертикалін құруды көздейтін «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 шілдедегі № 778 қ а у л ы с ы қ а б ы л д а н д ы .

Осындай орталықтандыру жүйесінің басты басымдығы орталық органдардың жергілікті жердегі білім беру ұйымдарымен тиімді кері байланысының болуы және оқыту сапасын бақылап қана қоймай, оны талдау арқылы және әлемдік тенденцияларды ескеру негізінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру,

педагогтардың кәсібилігін қолдау болып табылады.

Негізгі проблемаларды талдау

Жұмыс істеп жатқан жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық жағдайы қазіргі заманғы талаптарға сай емес: 7 465 мектептің жалпы санының 67,6 %-ы типтік ғимараттарда, 32,4 %-ы – ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан. 65,7 % мектеп екі ауысымда оқиды, ал 71 мектеп – үш ауысымда. Мектептердің 82,4 %-ы 1990 жылға дейін, ал 33,9 %-ы 1970 жылға дейін салынған. 194 мектеп апатты жағдайдағы ғимараттарда орналасқан. Мектептердің 21 %-ы күрделі жөндеуді қажет етеді.

Сапалы біліммен қамтамасыз ету және әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында білім беру мазмұнын жаңарту қажет. Оның ішінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту, оқу бағдарламаларын әзірлеу, педагогтердің оқу жүктемесін азайту, оқу пәндерінің мазмұнын (пәндерді кіріктіру), кадрлық, қаржылық, материалдық-техникалық және басқа да жағдайларды, нормалар мен нормативтерді қ а й т а қ а р а с т ы р у .

Республикада 4 221 шағын жинақталған мектеп (бұдан әрі – ШЖМ) бар, олар барлық мектептер санынан алғанда 56,2 %-ды (ауылда – 4 075 ШЖМ) құрайды. ШЖМ-да 396 840 оқушы оқиды, 79 151 мұғалім жұмыс істейді. ШЖМ-ның проблемалық мәселелері – оқушылары аз сыныптардың, біріктірілген сыныптардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың аз қолданылуы, мұғалімді даярлауда мамандандырудың тар бейінділігі (бірпәнділік) алудың, толық оқу жүктемесімен қамтамасыз етудің мүмкін еместігі, ШЖМ-ның жартысына жуығының ыңғайластырылған үй-жайларда орналасуы.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің орта білім беру мазмұны қазақстандық білім берудің озық дәстүрлері мен халықаралық үздік тәжірибелерді есепке ала отырып жаңартуды қажет етеді. Үш тілді меңгерудің және бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқытудың жаңа талаптары мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді талап етеді. Дарынды балаларға арналған бейіндік пәндер бойынша (физика, математика, химия, биология, информатика) қазақстандық оқулықтар мен о қ у - ә д і с т е м е л і к к е ш е н д е р ж о қ .

Мұғалімдердің сапалық құрамының төмен болуы: педагогтердің жалпы санынан 15,2 %-ы жоғары санатты, 30,7 %-ы – бірінші санатты.

Жұмыс істейтін әрбір бесінші мұғалім 50 жаста және одан үлкен. Педагогтердің жалпы санынан 13,2 %-ының еңбек өтілі 3 жылға дейін. Жыл сайынғы жас кадрлардың к е л у і н е б ә р і 2,9 %- д ы құ р а й д ы .

Білім беру ұйымдарында АТ қызметкерлері болмағандықтан, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) әкімшілендіру, алып жүру және инфрақұрылымды дамыту мәселелері, көбінесе, информатика пәнінің мұғалімдеріне жүктеледі. Электрондық оқыту жүйесін қолдану осы процестердің бүкіл

қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау кезінде оны нақты оқу процесіне біріктіргенде ғана нәтиже береді.

4 Мбит/с және одан жоғары кең жолақты интернет желісіне қол жеткізу қымбат бағалы қызметтердің құнын төмендету, ауылдық білім беру ұйымдары үшін байланыс арналарының мүмкіндіктерін ұлғайту бойынша техникалық мүмкіндіктерді іздеу, сондай-ақ қызмет көрсету жобасы бойынша сатып алынатын сапаны жақсарту мәселелері өзекті және шешілмей қалып отыр.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

- 1) өңірлерді дамытудың демографиялық, көші-қон, экономикалық факторларының ә с е р і ;
- 2) білім беру объектілерін пайдалануға енгізу мерзімдерінің бұзылуы;
- 3) мұғалім кәсібі беделінің төмендеуі;
- 4) жыл сайын апатты жағдайдағы мектептер анықталады. Мектеп ғимараттарының 15,6 %-ы пайдаланудың шекті мерзімінен асып кеткен және әлеуетті апатты мектептер б о л ы п т а б ы л а д ы ;
- 5) білім берудің жаңа моделін енгізу кезеңінде білім беру саясатының өзгеру тәуекелі: 12 жылдық оқытуға көшудің мерзімі мен көшу кезеңдерінің және 12 жылдық оқыту құрылымының өзгеруі мүмкін, бұл 12 жылдық мектептің МЖБС-ын енгізу үшін қ а у і п т ө н д і р і п о т ы р ;
- 6) ЖҚМ үшін – көші-қон жағдайы, елді мекендердің алыстығы;
- 7) білім беру ұйымдарында ішкі ақпараттық инфрақұрылым дамуының төмендігі.

І ш к і ф а к т о р л а р :

- 1) 2015 жылдан бастап оқушылар контингентінің артуы күтілуде. Бастауыш сыныпқа балаларды 6 жастан бастап қабылдау жүзеге асырылады. Бұл балаларды жас ерекшелігіне қарай оқытуға жағдай жасауды қажет етеді, сондай-ақ мектепке біраз с а л м а қ т ү с і р е д і ;
- 2) 12 жылдық оқыту бойынша – материалдық-техникалық базаның нашарлығы, ШЖМ педагог кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;
- 3) білім беру ұйымдары оқушыларының оқулықтармен және ОӘК-мен толық қ а м т а м а с ы з е т і л м е у і ;
- 4) педагогтердің бір бөлігінің дайындық деңгейінің төмендігі, өздігінен білім алуға және кәсіби деңгейін өсіруге ұмтылудың жеткіліксіздігі;
- 5) Назарбаев Зияткерлік мектептері бойынша – елімізде білікті кадрлардың ж е т і с п е у і .

6) Интернет желісіне қосылу жылдамдығының жеткіліксіздігі электрондық оқыту желісін пайдаланушылардың санын азайтады және білім беру ресурстарына қол жеткізуге кедергі жасайды. Электрондық ресурстарды әзірлеу үшін кәсіби даярлықтың жеткіліксіздігі және педагог кадрлардың бойында уәждеменің жоқтығы.

3. Техникалық және кәсіптік білім

Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Қазақстан Республикасында 2011 жылы техникалық және кәсіптік білімнің (бұдан әрі – ТЖКБ) 896 оқу орны (2010 жылы – 882), оның ішінде 325 кәсіптік лицей (2010 жылы – 322), 571 колледж (2010 жылы – 560) жұмыс істейді. Оның ішінде 176 (2010 жылы – 168) оқу орны, немесе 19,7 % ауылдық жерлерде орналасқан. Индустриалдық-инновациялық дамыту (бұдан әрі – ҮИИД) жобаларына кадрлар даярлауға 543 ТЖКБ оқу орны қамтылған.

ТЖКБ оқу орындарында 600,7 мың адам, оның ішінде 250 мың адам, немесе 41,6 % мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алады (2010 жылы – 221,0 мың адам, немесе 36,3 %). Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлау 185 мамандық (2010 жылы – 177) пен 495 біліктілік (2010 жылы – 416) бойынша жүзеге асырылады.

ТЖКБ жүйесі бойынша негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2007 ж.	2010 ж.
Білім алушылар саны, мың адам	558,7	600,7
Техникалық мамандықтар бойынша білім алушылардың саны, мың адам, білім алушылардың жалпы санынан %	136,8 24,4	173,5 28,5
Оқу орындарының саны	830	896
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен халықаралық ұйымдардың арасында қол қойылған келісімдер (меморандумдар), бірлік	0	33
Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын халықаралық талаптарға сәйкес әзірлеу, бірлік	0	230
Жұмыс берушілер мен халықаралық ұйымдардан тартылған қаражат саны, млн. доллар	0	35,1
Оқу орындары, кәсіпорындар мен ұйымдар арасында қол қойылған келісімдердің саны, бірлік	2,7	17,4
ТЖКБ оқу орындарының шетелдерде біліктілігін арттырудан өткен педагогикалық қызметкерлерінің саны, бірлік	0	479
Сапаны тәуелсіз бағалау (қатысушылар саны), бірлік	2496	122600
Материалдық-техникалық базаны нығайту, млрд. теңге	1,7	7,1
Оқу орындарын күрделі жөндеу, млрд. теңге	0,47	9,2
Орнатылған интерактивті оқу жабдықтарының саны, бірлік	0	600

Соңғы екі жылда 3 кәсіптік лицей салынды.

Атырау қаласында Мұнай-газ саласы үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау өңіраралық орталығының құрылысы аяқталуда:

1) Астана қаласында 800 оқушы орындық, Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Шаян ауылында 360 оқушы орындық кәсіптік лицейлердің;

2) Екібастұз қаласында Отын-энергетика саласы үшін техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық

орталығының ;

3) Өскемен қаласында Машина жасау саласы үшін техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталығының құрылыстары жүргізілуде.

Шымкент қаласында Өңдеу саласы үшін техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі өңіраралық орталықтың құрылысы басталды.

2007 – 2009 жылдар кезеңінде:

1) «Аджип ККО», «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС» БК, «KEGOK» АҚ, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС жанынан техникалық және қызмет көрсету еңбегі мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі қазіргі заманғы оқу орталықтары ;

2) Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы құрылды. Ол нормативтік-әдістемелік негіздерді жасаумен және жұмыс берушілермен бірлесіп, еңбек нарығының талаптарына сәйкес мамандардың кәсіби дағдыларын және біліктілік деңгейін тәуелсіз бағалау жүйесін (ТБЖ) енгізумен айналысады. 2007 – 2010 жылдары республиканың 850 оқу орнының 122,6 мың бітірушісін қамти отырып, ТжКБ-ның 150 мамандығы бойынша кәсіби даярлық пен біліктілік беру деңгейін бағалау бойынша бітіруші курстардың білім алушыларына тестілеу жүргізілді;

3) ТжКБ жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі 6 өңіраралық орталық (Астана, Алматы, Қарағанды, Орал, Щучье және Шымкент қалаларында) құрылды. Соңғы жылдары аталған орталықтарда ТжКБ жүйесінің 3000-ға жуық педагог қызметкері біліктілігін арттырды;

4) жұмыс істеп тұрған оқу орындарының базасында индустриялық-инновациялық дамыту жобалары бойынша кадрларды даярлау жөніндегі базалық орталықтар құрылуда: ет-сүт өнімдерін қайта өңдеу үшін – Ақмола облысының Катаркөл аулындағы Ауыл шаруашылық колледжінің базасында, автомеханика бойынша – Алматы қаласының № 6 кәсіптік лицей базасында, металл өңдеу бойынша – Қарағанды қаласының № 15 кәсіптік лицей базасында.

Соңғы 3 жылда кәсіптік лицейлердің және колледждердің оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханаларының материалдық-техникалық базасын жаңарту проблемасы шешіле бастады (жергілікті бюджет (бұдан әрі – ЖБ), республикалық бюджет (бұдан әрі – РБ), жұмыс берушілер қаражаты есебінен). «Өзін-өзі тану» кабинеттерін алуға республикалық бюджет есебінен 14,5 млн.теңге бөлінді.

2007 – 2011 жылдары ТжКБ оқу орындарының материалдық-техникалық базасы 7,1 млрд. теңге сомасына жаңартылды. Бүгінгі күнге дейін ТжКБ оқу орындарының 40,7 % -ы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылды.

2011 жылы халықаралық сарапшылардың ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан

Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен (бұдан әрі – Еңбекмині) бірлесіп, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуішіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2008 – 2010 жылдары 230 мамандық бойынша МЖБС, 224 мамандық бойынша біріктірілген білім беру бағдарламалары, ТЖКБ мамандықтары бойынша 1 430 үлгі оқу бағдарламасы әзірленді. 2011 жылы индустрия сұранысы ескеріліп 65 мамандық бойынша МЖБС, 65 мамандық бойынша оқу бағдарламалары, 710 ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары жаңартылды.

2007 – 2011 жылдары ТЖКБ оқу орындарының 24 мың педагог қызметкері, оның ішінде ҮИИД мамандықтары бойынша 2010 жылы 8 мың педагог қызметкер біліктілігін арттыру курсынан өтті. Республикалық бюджет есебінен кәсіптік лицейлерге 172 шетелдік ағылшын тілі оқытушылары тартылды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын студенттерге қаржылық көмек көрсету мақсатында стипендияның көлемін арттыру бойынша шаралар қабылдануда. Осылайша, 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап колледждерде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын білім алушыларға стипендияның көлемі 6 000 теңгеден 7 500 теңгеге, 2010 жылы 7 500 теңгеден 9 375 теңгеге өсті, 2011 жылы стипендияның көлемі 9 375 теңгеден 12 188 теңгеге дейін өсті.

Кадрларды даярлауда нақты әріптестік қатынастар орнату – ТЖКБ жүйесінің басты міндеттерінің бірі. 2007 – 2011 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ), ірі компаниялар, әкімдіктер: «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан темір жолы», «Қазақтелеком», «Қазақмыс», «Казинжиниринг», «Қазпошта» АҚ және т.б. арасында 33 меморандум, келісім жасалды.

2008 жылы Еңбекмині, БҒМ мен «Атамекен» Одағы» Қазақстанның ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігінің (бұдан әрі – «Атамекен» Одағы» ҰЭП) арасында 2008 – 2010 жылдарға арналған бәсекеге қабілетті кадрларды қалыптастыру туралы Ұлттық Пактіге қол қойылды.

2009 жылы БҒМ, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрліктері мен «Атамекен» Одағы» ҰЭП арасында Техникалық және кәсіптік білімді қолдау қорын құру туралы меморандумға қол қойылды.

Оқу орындары және компаниялар арасында 17,4 мың келісім жасалды, оның ішінде жаңа ашылған кәсіпорындармен кадрлар даярлауға 61 шарт жасалды (мысалы, «Тараз металлургиялық зауыты», «Электролиздік зауыт», «Тері өндірісі» және т.б., нәтижесінде 831 адам даярланып, еңбекпен қамтылды).

Келісімдер шеңберінде білім алушыларға практикадан өту үшін 132,1 мың жұмыс о р н ы ұ с ы н ы л д ы .

2009 жылы 24 жетекші оқу орны Ұлыбританияның атақты колледждерімен, оның ішінде 14 колледж Кембридж өңірлік колледжімен ынтымақтастық туралы келісімге қ о л қ о й д ы .

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ТжКБ-ның 479-дан астам қызметкері шетелде біліктіліктерін арттырды.

БҒМ Еңбек министрлігімен бірлесіп, ҮИИД жобасын іске асыру үшін қажеттіліктерге талдау жасады. 2010 – 2015 жылдарға арналған Қазақстанды индустрияландыру картасы жобасын іске асыру үшін негізінен мынадай кәсіптер бойынша жұмысшыларға сұраныс бар: түрлі бейіндегі слесарь, жабдықтарды жөндеуші, құрылысшы, механик, жүк көлігінің жүргізушісі, мамандандырылған техника машинисі, дәнекерлеуші, электромонтажшы, электрик, металлург, темір жол көлігі жұмыскері, металл өңдеуші станоктарда жұмыс істеуші, машина жасау операторы мен технигі, туристік индустрия, ақпараттық технологиялар қызметкері.

Еңбекминінің деректері бойынша 2010 – 2014 жылдарға арналған экономиканың кадрларға деген жалпы сұранысы 287 мың адамды құрайды. Олардың ішінде ҮИИД жобалары үшін – 106 мың.

2010 – 2014 жылдары ТжКБ оқу орындарында 224,6 мың маман даярланады.

Еңбек министрлігінің мәліметі бойынша 2011 жылы экономиканың кадрларға деген жалпы сұранысы 40,6 мың адамды құрады, оның ішінде салалар бойынша индустрияландыру картасына қосылған жобалар бойынша 21,3 мың адам. ТжКБ оқу орындарынан аталған салалар бойынша 42,2 мың техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрлары бітіріп шықты.

Жол картасын іске асыру шеңберінде қазақстандық кадрлармен шетел жұмыс күшін алмастыру үшін мамандар даярлау және қайта даярлау қарастырылған. 2009 жылы оқумен 95,6 мың адам қамтылған, олардың жұмысқа орналасқаны – 41,0 мың адам, 20,2 мың адам оқуды жалғастыруда. 2010 жылы 71,0 мың адам даярлаумен және қайта даярлаумен қамтылған.

2011 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы шеңберінде өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және аз қамтамасыз етілген адамдарды оқыту жүзеге асырылды.

Негізгі проблемаларды талдау

ТжКБ-ның 70 %-ға жуық оқу орны ескірген жабдықтарды пайдаланып жұмыс істеді.

ТжКБ жүйесінде білім алудың жастар үшін тартымдылығы мен беделі жоқ. Қаржыландыру көлемі төмен күйінде қалып отыр – ЖІӨ-ден 0,3 %. ТжКБ оқу орындарында 600 мыңнан астам білім алушы немесе елдің білім беру жүйесіндегі барлық білім алушылар санынан 13 % адам білім алады.

Мамандардың біліктілік деңгейіне қойылатын біліктілік талаптары жаңартуды талап етеді, өйткені олар өндірістің жаңа технологияларына сәйкес келе бермейді.

Сала кадрларын даярлау сапасын басқарудың негізгі тетіктерінің бірі – жұмыс берушілердің өздерінің біліктілікті тәуелсіз бағалауы, яғни мамандарды сертификаттау. Барлық салаға мамандардың біліктіліктерін сертификаттау жүйесін енгізу қажет.

Өндірісте тағылымдамадан өту және оқытушылардың біліктілігін арттыру жүйесі қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді. Инженерлік-педагогикалық қызметкерлер мәртебесінің төмендігі жоғары білікті кадрларды тартуға мүмкіндік бермейді.

Сондай-ақ, елдің индустриалдық-инновациялық дамуы үшін кәсіби кадрларды даярлауға қажеттілікті қамтамасыз етуге кедергі келтіретін бірқатар проблемалар бар:

1) ұзақ мерзімді кезеңге кадрларға деген қажеттілікті болжау жүзеге асырылмайды, оның ішінде ҰИИД жобалары бойынша;

2) ТжКБ оқу орындарының білім алушыларына кәсіпорындарда өндірістік практика мен тағылымдама ұйымдастыру мәселесі белгілі бір деңгейде шешілмеген.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау:

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

1) жұмыс берушілердің техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлауға қызығушылық танытпауы;

2) жұмыс берушілер өндірістік практика мен тағылымдамадан өту үшін қажетті орындар санын ұсынбайды;

3) жергілікті бюджеттен ТжКБ-ны қаржыландыру көлемі жеткіліксіз;

4) ұзақ мерзімді кезеңге арналған кадрларға деген қажеттіліктерді болжау әдістемесінің жоқтығы;

5) кәсіптік даярлық деңгейін бағалау жүйесі экономика саласының барлық мамандықтар бойынша енгізілмеген.

І ш к і ф а к т о р л а р :

1) жекелеген аудандардағы ауыл жастары үшін техникалық және кәсіптік оқытудың қолжетімсіздігі;

2) материалдық-техникалық базаның нашарлығы;

3) еңбекақы төлеу деңгейінің төмендігіне байланысты инженерлік-педагогикалық қызметкерлердің техникалық және кәсіптік білім жүйесінен кетуі;

4) оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

Реттелетін саланы немесе қызметтер аясын дамытудың негізгі параметрлері

Қазіргі кезде жоғары білім беру саясаты республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлаудың жағдайларын қамтамасыз ету, жоғары мектептің интеллектуалдық әлеуеті мен практикалық-бағдарлық қызметін күшейту, оны ғылыммен және өндіріспен ықпалдастыру халықаралық білім беру стандартына сәйкестендіру қажеттілігімен а й қ ы н д а л а д ы .

2011 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша республикада 147 жоғары оқу орны жұмыс істейді (9 ұлттық, 1 халықаралық және «Назарбаев Университеті» ДБҰ, 32

мемлекеттік, 13 азаматтық емес, 90 жеке меншік жоғары оқу орны, оның ішінде 16 акционерленген).

2010 – 2011 жылдарға арналған ЗНК статистикалық есептілігіне сәйкес жоғары оқу орындары студенттерінің жалпы контингенті 620,4 мың адамды құрады. Жалпы әлемде 10 мың адамға шаққанда 232 студенттен келеді. Қазақстанда бұл көрсеткіш 422,5 адамды құрайды.

Жоғарғы оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның саны 39,6 мың адамды құрайды, оның 45,5 %-ының ғылыми атақтары бар.

Қазақстанның жоғары мектебі әлемдік білім беру деңгейіне қол жеткізуге және біртұтас білім беру кеңістігіне еруге ұмтылуда. Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу тетігі Болон процесінің параметрлерін орындау болып табылады, оған Қазақстан Республикасы 2010 жылы наурызда қосылған болатын.

Қазірге кезде Қазақстан Республикасында жоғары білім беруде Болон декларациясының негізгі принциптері іске асырылуда. Бүкіл азаматтық жоғары оқу орындарында оқыту кредиттік оқыту технологиясы бойынша жүргізілуде, республиканың 38 жоғары оқу орнында екі дипломдық білім беру іске асырылуда, 42-сінде қашықтықтан оқытылуда.

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру құрылымы ЮНЕСКО-ның білім берудің халықаралық стандарттық жіктеліміне сәйкес келеді. Мамандарды даярлаудың үш деңгейлік: бакалавр-магистр-PhD доктор моделіне өту толық іске асырылды. Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету және кепілдік беру жүйесі құрылды.

2009 жылы балавриат – магистратура – докторантура білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ететін Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының жіктеуші бекітілді.

Жоғары білім берудің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасы көрсеткіштерінің бірі жоғары оқу орындарының әлемдік академиялық рейтингтерге енуі болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті 2010 жылғы қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингісіне еруге ұмтылуы тиіс деп атап өтті.

2009 жылы бірінші рет Қазақстанның бес жоғары оқу орны және 2010 жылы бір жоғары оқу орны Times Higher Education – QS World University Ranking (Ұлыбритания) халықаралық рейтингісіне қатысты.

2011 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Quacquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания) агенттігінің нәтижелері бойынша әлемнің 401 – 450 ЖОО қатарына кірді.

Болон декларациясы қағидаттарының бірі сынақ бірлік жүйесін енгізу болып табылады. Кредиттік оқыту технологиясын жетілдіру жұмыстары жалғастырылуда, оның мақсаты кредиттік бірліктің еуропалық жүйесімен үйлестіру. Бұл ретте отандық

білім берудің дәстүрлі ерекшеліктері ескеріледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жалпы еуропалық жүйемен салыстыруға келетін дипломға Қосымшаны әзірледі. Аталған жүйе студенттің бір жоғарғы оқу орнынан басқасына ауысуы кезінде оқудағы жетістіктерін дұрыс өлшеу мен салыстыру өлшемдерін қамтамасыз ету үшін қажет. Осыған байланысты ECTS үлгісі – сынақ балдарын қайта тапсырудың еуропалық жүйесі бойынша сынақ балдары жүйесін әзірлеу үшін жұмыс
т о б ы к ұ р ы л д ы .

Астана қаласында әлемдік деңгейдегі беделді жоғарғы оқу орны – «Назарбаев Университеті» жұмыс істейді, ол отандық инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларды даярлауға сапалы серпін жасауды қамтамасыз етеді. Университет бағдарламасының «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» орта білім берудің оқу бағдарламаларымен сабақтастығы қамтамасыз етілетін болады.

Экономикадағы болып жатқан өзгерістерге икемделу мақсатында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының құрылымында оқу бағдарламаларының мазмұнын айқындауда жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі кеңейтілді: таңдау бойынша компонент көбейтілді – бакалавриатта 50 %-дан 55 %-ға дейін, магистратурада 60 %-дан – 70 %-ға және докторантурада 80-тен 90 %-ға дейін.

Жоғары оқу орындары білім беру, ғылым және өндіріс арасындағы байланыстырушы буын болып табылатын білім берудің инновациялық инфрақұрылымын дамыту, түрлі бейіндегі ғылыми-инновациялық орталықтар, жаңа технопарктер құру жұмыстарын жүргізуде.

2007 жылы 16,67 млн. АҚШ доллары (2 млрд. теңге) сомасындағы республикалық бюджет қаражаты есебінен 10 инженерлік бейіндігі университет зертханасы құрылды. 2008 жылы 8,33 млн. АҚШ доллары (1 млрд. теңге) сомасындағы республикалық бюджет қаражаты есебінен ашық үлгідегі инженерлік бейіндегі 5 зертхана ашылды. Аталған зертханалардың ғылыми ресурстарын ғылыми орталықтардың, зерттеу институттарының ғалымдары және университеттер оқытушылары пайдалана алады.

Қазіргі әлемде елдің әлеуметтік экономикалық дамуының маңызды субъектілері ретінде университеттердің миссиясы мен қызметі өзгеруде. Университеттер білім жүйесінің ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның қозғаушы күшіне айналуы тиіс. Осыған байланысты 2008 жылдан бастап қамқоршылық кеңестер құру, жұмыс берушілерді басқаруға тарту және жоғары оқу орындарын басқарудың алқалық органдарының қызметін кеңейту жолымен корпоративтік менеджмент принциптері е н г і з і л у д е .

Қамқоршылық кеңестер 65 жоғары орнында жұмыс істейді. Университеттерде корпоративтік басқаруды енгізу Қазақстан Республикасы Үкіметінің жүргізіп отырған ауқымды жұмыстарының бір бөлігі болып табылады және ол әкімшілік реформаның принциптеріне сәйкес келеді. Аталған жұмыстар жоғары оқу орындарын басқару жүйесін демократияландыруға ықпал етеді.

2010 жылғы 31 желтоқсаннан бастап Қазақстандағы барлық диссертациялық кеңестердің қызметі аяқталды. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құрылымы PhD докторы дәрежесін оқытудың соңғы кезеңінде бере отырып, бакалавриат – магистратура – докторантура үш деңгейлі жүйесіне ауысты. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты ұлғайту көзделіп отыр.

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында Білім және ғылым министрінің бұйрықтарымен мынадай нормативтік құқықтық құжаттар бекітілді:

- 1) «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже»;
- 2) «Ғылыми дәрежелер беру туралы ережесі»;
- 3) «Ғылыми атақтар беру ережесі».

Философия докторы, бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру жөніндегі докторлық диссертацияларды қорғау бойынша 16 диссертациялық кеңес құрылды – 5 ұлттық университетте және «Астана» медицина университетінде.

Институционалдық аккредиттеудің ұлттық стандарттары мен өлшемдері бекітілді. 2008 және 2009 жылдары бес ұлттық жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (бұдан әрі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (бұдан әрі – Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (бұдан әрі – Абай атындағы ҚазҰПУ), Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (бұдан әрі – Л. Гумилев атындағы ЕҰУ) және Қазақ ұлттық аграрлық университеті (бұдан әрі – ҚазҰАУ) ASIIN және ACQUIN (Германия), ABET (АҚШ) белгілі шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен білім беру бағдарламаларын халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өткізу үшін шарттар жасады. Осы мақсатқа республикалық бюджеттен 60 млн. теңгеден астам мөлшерде қаржылық қаражат бөлінді.

2010 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ASIIN агенттігінде 10 білім беру бағдарламасы бойынша және Қ. Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ ABET, ASIIN, АИОР агенттіктерінде 11 білім беру бағдарламасы бойынша халықаралық аккредиттеуден өтті.

2011 жылы Л. Гумилев атындағы ЕҰУ АИОР агенттігінде 6 білім беру бағдарламалары бойынша аккредиттеуден өтті, ҚазҰАУ ASIIN агенттігінде 2 білім беру бағдарламалары бойынша аккредиттеуден өтті.

Абай атындағы ҚазҰПУ ASIIN агенттігінде 2 білім беру бағдарламасы бойынша аккредиттеуден өтуді аяқтады.

2009 жылы Қазақ-Британ техникалық университеті 4 білім беру бағдарламасы бойынша халықаралық аккредиттеуден дербес өтті.

2009 – 2010 жылдары БҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығының (бұдан әрі – ҰАО) және Тәуелсіз қазақстандық аккредиттеу білім беру сапасын бағалау ұйымының аккредиттеу кеңесі 33 қазақстандық жоғары оқу орны ұлттық институционалдық аккредиттеуден өтті.

Негізгі проблемаларды талдау

Ұзақ мерзімді кезеңге арналған кадрлар қажеттілігіне болжам жасау жүзеге асырылмады.

Мемлекеттік бақылаудың қорытындылары бойынша бірқатар жекеменшік жоғары оқу орындарының жекелеген мамандықтары бойынша білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген талаптарға, біліктілік талаптарына толық сәйкес келе бермейтіні байқалады. Білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік аттестаттауды жүзеге асыру кезінде бірыңғай тәсіл жоқ және бақылау қызметін орындаудың төмен деңгейі байқалады.

Әлеуметтік әріптестік нашар дамыған. Ғылым мен өндірістің байланысы нашар.

Жұмыс берушілерді кадрлар даярлауға тарту жөніндегі заңнамалық база жеткіліксіз.

Жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасы әлсіз, зертханалардың осы заманғы жабдықтармен жаракталу пайызы төмен.

Мемлекеттік жоғары оқу орындары жатақханаларының 77 %-ының салу мерзімі 25 жылдан жоғары. Оларға ағымдағы жөндеу жүргізілген соңғы мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі аралықты құрайды.

Профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру жүйесі тиісті деңгейде дамымаған.

Диссертациялық зерттеулер шеңберінде орындалатын ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелердің тиімділігі және нәтижелілігі төмен.

Жоғары оқу орындарын кадрлық қамтамасыз етуде жағымсыз үрдістер орын алған: профессорлық-оқытушылық құрам жүйелі түрде ұлғайтылмайды, қоса атқарушылық бойынша жұмыс практикаға енгізілген, жемқорлық көріністері орын алған.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы ф а к т о р л а р :

- 1) зертханалық жабдықтарды сатып алуға және профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыруға арналған бағдарламалық қаржыландырудың жоқтығы;
- 2) кәсіби оқытуды жүргізуге және студенттердің практикадан өтуіне мүмкіндік беретін оқу орталықтарының жоқтығы;
- 3) кадрлар даярлау үшін жұмыс берушілердің жеткіліксіз гранттар бөлуі.

І ш к і ф а к т о р л а р :

- 1) бітірушілерді жұмысқа орналастыру жөніндегі қызметтердің әлеуетті жұмыс берушілермен тығыз байланысы жолға қойылмаған;
- 2) студенттер мен профессорлық-оқытушылық құрамды қолдаудың әлеуметтік

бағдарламасы

дамымаған;

3) жоғары оқу орындары ғалымдарының ғылыми бағдарламалар мен жобаларды орындауға қатысу тиімділігі жеткіліксіз.

Жоғары оқу орындары жұмысының айқындығын күшейту, өз қызметінің кең көлемі бойынша ақпараттар ұсыну қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Бұл ретте жоғары оқу орындары мен неғұрлым тиімді бағдарламаларды одан әрі дамытуға ынталандырады. Қоғамдық бақылау және бағалау тетіктері бұл процестердің катализаторларына айналады.

Халықаралық талаптарға сәйкес аккредиттеу рәсімін жүргізу барысында ішкі факторлар ретінде білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауы (өзін-өзі талдау) қарастырылған. Аккредиттеу агенттіктері білім беру ұйымдарының ұсынған есебінің (өзін-өзі бағалау материалдары) негізінде сарапшыларды тарту және білім беру ұйымдарына бару арқылы сыртқы бағалауды жүзеге асырады.

2. 2-стратегиялық бағыт. Экономиканы жедел әртараптандыруды ғылыми қамтамасыз ету

Реттелуші саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері

Ел ғалымдарының қызметі мемлекеттік басымдықтарға сәйкес қалыптасқан республикалық мақсатты және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларды, іргелі зерттеулер бағдарламаларын іске асыруға және Қазақстанда инновациялық қызметті дамытуға бағытталған.

Ғылымды дамыту 5 басым бағытқа шоғырланған: энергетика, шикізат пен өнімді тереңдетіп қайта өңдеу, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар, өмір туралы ғылым, елдің зияткерлік әлеуеті.

Елде ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын 400-ден аса ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 95-і – мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттары, 121-і – жоғары кәсіби білім беру, 108-і – кәсіпкерлік қызмет секторы, 100-і – коммерциялық емес қызмет секторы. Ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен 17,0 мың адам (2006 ж. – 19,56 мың адам; 2007 ж. – 17,77 мың адам, 2008 ж. – 16,3 мың адам, 2009 ж. – 15,8 мың адам) айналысады, оның ішінде зерттеуші-мамандар – 10,9 мың адам (2006 ж. – 12,4 мың адам; 2007 ж. – 11,5 мың адам, 2008 ж. – 10,8 мың адам, 2009 ж. – 10,1 мың адам).

2007 – 2010 жылдары ғылыми зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыру көлемі 13,7 млрд. теңгеден 20,15 млрд. теңгеге дейін немесе 32 %-ға өсті.

Қазақстан ғылымын мемлекеттік қаржыландыру деңгейі соңғы 3 жылда ЖІӨ 0,21 % -дан 0,15 %-ға дейін өзгерді. АҚШ доллары шаққанда есептегенде ҒЗТКЖ-ға кететін шығын Қазақстанда әрбір жан басына жылына шамамен 14 долларды (салыстыру үшін Ресейде – 70 шамасында; АҚШ-та – 892; Швецияда – 875, Финляндияда – 726 доллар) құрайды.

Ғылыми инфрақұрылымды дамыту мақсатында ғылымның басым бағыттары бойынша 5 ұжымдық пайдаланымдағы ұлттық зертхана құрылды және нақтандырылды. Жетекші жоғары оқу орындарының жанынан 15 инженерлік бейіндегі зертхана ашылып, жұмыс істейді. 6 инновациялық-білім беру, оның ішінде екі халықаралық консорциум құрылды.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру бойынша шаралар қабылдануда. Жоғары патогенді құс тұмауына қарсы отандық вакцина (2008 – 2009 жылдарда 7,7 млн. доза өндірілді) шығарылуда. А/Н1N1 тұмауына қарсы әсерсіздендірілген вакцинаны дайындаудың технологиясы әзірленді. Қарағанды фармацевтикалық кешенінде 20 млн. түпнұсқа фитопрепараттардың орамын шығару қамтамасыз етілуде. 110 жаңа жұмыс орны құрылды.

«Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде гуманитарлық бағыттағы 6 ғылыми-зерттеу ұйымы 70-тен астам ғылыми жобаларды орындады. Нәтижесінде ұлттық және әлемдік ғылыми пікірлер, мәдениет және әдебиет басылымдарының сериялары әзірленді, 230-ден астам кітап атауы басып шығарылды.

2010 жылы Білім және ғылым министрлігі 43 бағдарламаға әкімшілік етті (49 %).

2009 жылы шетелдік ғылыми орталықтарда 120 қазақстандық ғалым, оның ішінде жас ғалымдар тағылымдамадан өтті. Ағылшын тілі курстарымен ғылыми ұйымдар базасында 203 адам қамтылды.

Зияткерлік меншік институтының деректеріне сәйкес 2010 жылы өнертабыстарға арналған қорғау құжаттарының жалпы саны 1 868-ді құрады (оның ішінде 87,9 % – ұлттық өтінім берушілерден, 12,1 % – шетелдік өтінім берушілерден), 2000 жылғы ұқсас көрсеткіштен 15,5 %-ға артық.

2010 жылы ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асырудың нәтижесінде 354 қорғау құжаты алынды, 150 әзірleme енгізілді, жарияланымдар саны – 11 360 (мақалалар мен әзірленген құжаттар). Жарияланымдарда жоғары деңгейлі белсенділік 1 қызметкерге шаққанда іргелі зерттеу бағдарламалары бойынша байқалуда – 1,2. Салааралық зерттеу бағдарламалары бойынша – 0,74.

Соңғы жылдар ішінде қазақстандық ғалымдардың халықаралық журналдардағы жарияланымдарының олардың жалпы санына арақатынасы өзгеріссіз қалып отыр және 6 %-ды құрайды. Қазақстан ғалымдарының шетелдік жарияланымдарының үлесі жалпы дүниежүзілік ағымда 0,017 %-ға тең. Елдерді жарияланған жұмыстардың абсолюттік саны бойынша саралауды ескере отырып, Қазақстан зерттеу жылында 1000 – 10000 жарияланымдары бар топқа жатқызылған. 4 088 жарияланым санымен біздің республикамыз әлемнің 236 елі арасында 91-орынды иеленеді. Scopus МБ Қазақстанның жыл сайынғы жарияланымдары шамамен 50 % құрайды. Әрбір дәйектеме келтірілген мақалаға 1-ден 9-ға дейін сілтеме жасалған. Қазақстандық ғалымдардың жыл сайынғы жарияланымдарының шамамен 270 бірлікті құрайды, ол аталған базадағы мақалалардың жалпы санының 0,018 бөлігін құрайды. 2003 жылдан

бастап қазақстандық ғылыми еңбектердің санын орта есеппен 29,3 %-ға ұлғаюы байқалуда. Алайда, әлемдік жарияланымдар ағымының белсенді түрде өсуі жағдайында отандық жарияланымдардың орташа салмағы 2008 жылы 0,016 %-ға төмендеді.

